

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 13/6-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қаңтарда N 2842 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 2017 жылғы 5 маусымдағы № 18/4-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 05.06.2017 № 18/4-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6- бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Зырян ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Зырян ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек берілсін.

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек , Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешімімен белгіленген мөлшерде беріледі.

Әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына 15000 (он бес мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек беріледі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 17.04.2014 № 30/4-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 18.11.2015 № 51/2-V; 03.08.2016 № 7/4-VI шешімдерімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Зырян ауданының
мәслихат хатшысы*

А. Байбуринов

Г. Денисова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК